


Н.А. Шынтаев^{*1} , А.Т. Кашкинбаева² , С.С. Таубаев² 

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан;

²Ж.А. Ташенев атындағы университет, Шымкент, Қазақстан

(E-mail: shyntaev_97@mail.ru; asemai7@mail.ru; sevithan-25.10.90@mail.ru)

Күнделікті өмір тарихын зерттеудің батысеуропалық және қазақстандық дәстүрі: салыстырмалы талдау

Мақала қазіргі тарихи ғылым аясында күнделікті өмір тарихын зерттеудің батысеуропалық және қазақстандық дәстүрлеріне салыстырмалы талдау жасауға арналған. Күнделікті өмір тарихы тарихи білімнің маңызды бағыты ретінде қарастырылып, адамның күнделікті тәжірибесін, тұрақты түрде қайталанып отыратын әлеуметтік әрекеттерін, сондай-ақ әлеуметтік өзара ықпалдастық формаларын зерттеуге бағытталады. Ұзақ уақыт бойы бұл мәселелер тарихи зерттеулерде екінші кезектегі орын алып келді. Мақалада батысеуропалық және қазақстандық зерттеу дәстүрлерінің қалыптасу ерекшеліктері олардың зияткерлік, әлеуметтік-саяси және тарихнамалық даму жағдайларымен тығыз байланыста талданған. XX ғ. екінші жартысында әлеуметтік және антропологиялық тарих аясында қалыптасқан батысеуропалық дәстүр терең теориялық пайымымен, пәнаралық ұстанымымен және әдіснамалық көптірлілігімен ерекшеленеді. Батысеуропалық зерттеулерде менталитеттер, рәміздік құрылымдар және орнықты күнделікті тәжірибелер ұзақ мерзімді тарихи үдерістер шеңберінде қарастырылады. Қазақстандық күнделікті өмір тарихын зерттеу дәстүрі негізінен посткеңестік кезеңде қалыптасып, қазіргі уақытта даму үстінде. Оның дамуына кеңестік тарихнаманың ықпалы, сондай-ақ батысеуропалық тарихи ғылымда орныққан теориялық және әдіснамалық үлгілерді игеру үдерісі елеулі әсер етті. Мақалада қазақстандық зерттеулердің негізінен эмпирикалық материалға бағытталатыны, әлеуметтік өзгерістерге айрықша көңіл бөлетіні және тарихтың дағдарысты әрі өтпелі кезеңдерін зерттеуге шоғырланатыны атап көрсетіледі. Салыстырмалы талдау авторларға күнделікті өмірді зерттеудің батысеуропалық және қазақстандық дәстүрлері арасындағы әдіснамалық айырмашылықтарды ғана емес, тарихи білімнің интернационалдануы жағдайында олардың дамуының ортақ үрдістерін де айқындауға мүмкіндік берді.

Кілт сөздер: күнделікті өмір тарихы, әлеуметтік тарих, антропологиялық тәсіл, пәнаралық тәсіл, күнделікті тәжірибе, микротарих, Қазақстан, Батыс Еуропа.

Kipicne

Қазіргі тарих ғылымында әлеуметтік болмысты зерделеу тәсілдері едәуір өзгеріп, зерттеу назарында ірі саяси оқиғалар мен мемлекеттік құрылымдардан гөрі адамның күнделікті өмірлік тәжірибесі маңызды орын ала бастады. Мұндай бағыт тарихты қоғам өмірінің көпқырлы және көпдеңгейлі құбылысы ретінде түсінуге мүмкіндік беріп, күнделікті өмірді тарихи талдаудың дербес әрі мазмұнды нысанына айналдырды. Күнделікті өмірді зерттеу әлеуметтік өзгерістердің адамдардың тұрмысында, дағдыларында және әрекет үлгілерінде қалай көрініс табатынын нақты айқындауға жол ашады.

Батысеуропалық тарихи ойда күнделікті өмір тарихы ұзақ уақыт бойы теориялық тұрғыдан жүйеленіп, әлеуметтік және мәдени тарихтың, сондай-ақ тарихи антропологияның маңызды құрамдас бөлігі ретінде қалыптасты. Бұл бағыттағы зерттеулерде күнделікті тәжірибе қоғамдағы әлеуметтік тәртіптің орнығу тетіктерін, мәдени нормалардың тұрақтануын және билік қатынастарының күнделікті деңгейде іске асу механизмдерін түсіндірудің маңызды құралы ретінде қарастырылады. Нәтижесінде күнделікті өмір тарихи үдерістерді түсіндіруде қосалқы деңгейден шығып, әлеуметтік шындықты танудың маңызды өлшеміне айналды.

Ал қазақстандық тарихи ғылымда күнделікті өмір мәселелері негізінен тәуелсіздік кезеңінен кейін қалыптасып, қоғамдағы терең әлеуметтік өзгерістерді пайымдаудың өзекті бағыты ретінде көріне бастады. Кеңестік кезеңнен кейінгі шаруашылық, тұрмыс және әлеуметтік қатынастар салаларындағы трансформациялар, дәстүрлі және жаңашыл тәжірибелердің өзара ықпалы күнделікті өмірді зерттеудің маңызын арттырды. Алайда бұл бағыттағы зерттеулердің елеулі бөлігі эмпириялық

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: shyntaev_97@mail.ru

материалды сипаттаумен шектеліп, теориялық жүйелеу мен салыстырмалы талдау жеткілікті деңгейде дамымаған күйде қалып отыр.

Осы тұрғыдан алғанда, батысеуропалық және қазақстандық зерттеу дәстүрлерін салыстырмалы түрде қарастырудың ғылыми қажеттілігі туындайды. Мақаланың мақсаты — күнделікті өмірді зерттеудің батысеуропалық және қазақстандық дәстүрлердің теориялық-әдіснамалық ерекшеліктерін салыстырмалы талдау арқылы айқындау, олардың ортақ және өзгеше қырларын анықтау, сондай-ақ қазақстандық тарихи зерттеулерді дамытудың теориялық мүмкіндіктерін көрсету.

Материалдар және әдістері

Мақаланың материалдар корпусын әлеуметтік тарих, антропологиялық тарих және микротарих бағыттарында қалыптасқан батысеуропалық тарихнамадағы классикалық зерттеулермен қатар, посткеңестік кезеңде қазақстандық тарих ғылымында жарық көрген күнделікті өмір мәселесіне арналған ғылыми еңбектер құрайды. Бұл ғылыми материалдар күнделікті өмірді тарихи талдаудың дербес нысаны ретінде қарастырудың әртүрлі әдіснамалық үлгілерін айқындауға мүмкіндік берді. Атап айтқанда, батысеуропалық авторлардың (Марк Блок, Люсьен Февр және Фернан Бродель) зерттеу жұмыстарында күнделікті өмірді зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері қалыптасты. Олардың зерттеулерінде әлеуметтік тәжірибе, менталитеттер және күнделікті практикалар ұзақ мерзімді тарихи құрылымдармен байланыста қарастырылады. Микротарих тәсілі күнделікті өмірді жекелеген қауымдар мен индивидтердің тәжірибесі арқылы талдауға мүмкіндік беріп, бұл бағыт Эмманюэль Ле Руа Ладюри мен Карло Гинзбург еңбектерінде айқын көрініс тапты.

Сонымен бірге мақаланың материалдарын күнделікті өмір мәселесін әлеуметтік және мәдени тарих аясында қарастырған қазақстандық зерттеушілердің де еңбектері құрайды. Зерттеу барысында қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы мен дәстүрлі тәжірибелерін тарихи-антропологиялық тұрғыдан талдаған Н. Масанов, көшпелі қоғамдағы әлеуметтік ұйым мен тұрмыстық тәжірибелерді зерттеген Ж. Артықбаев, сондай-ақ күнделікті өмір тарихын дербес зерттеу нысаны ретінде жүйелі қарастырған З.Г. Сактаганованың т.б. қазақстандық зерттеушілердің ғылыми жұмыстары да мақаланың материалдар бөлімін құрады.

Зерттеу әдіснамасы тарихи-теориялық талдау қағидаттарына негізделді және салыстырмалы тарихнамалық тәсілді қолдану арқылы жүзеге асырылды. Негізгі әдіс ретінде салыстырмалы-тарихи әдіс пайдаланылып, ол күнделікті өмірді зерттеудің батысеуропалық және қазақстандық дәстүрлерінің қалыптасу ерекшеліктерін, әдіснамалық ұстанымдарын және зерттеу басымдықтарын өзара салыстыруға мүмкіндік берді. Аталған әдіс әртүрлі ғылыми дәстүрлерде «күнделікті өмір» ұғымының мазмұны мен зерттеу шеңберін айқындаудағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды анықтауға бағытталды. Зерттеу барысында тарихнамалық талдау әдісі қолданылды және бұл әдіс күнделікті өмір тарихының қалыптасу эволюциясын, негізгі теориялық тұжырымдарды және жетекші зерттеу бағыттарын жүйелеуге мүмкіндік берді. Осы әдіс батысеуропалық және қазақстандық авторлардың еңбектеріндегі концептуалдық негіздерді, зерттеу логикасын және аналитикалық модельдерді анықтауға ықпал етті. Сонымен қатар ұғымдық-терминологиялық талдау жүргізіліп, «күнделікті өмір», «күнделікті тәжірибе», «қалыпты түрде қайталанып отыратын әлеуметтік іс-әрекеттер» сияқты негізгі категориялардың ғылыми айналымдағы қолданылу ерекшеліктері нақтыланды. Типологиялық әдіс зерттеліп отырған ғылыми дәстүрлерге тән ортақ және айрықша белгілерді жіктеу мақсатында пайдаланылды. Бұл тәсіл жеке зерттеулерді кеңірек тарихнамалық контексте қарастыруға және оларды жүйелі түрде салыстыруға жағдай жасады. Интерпретациялық әдіс ғылыми мәтіндердегі теориялық тұжырымдарды талдауға, олардың әлеуметтік-тарихи контекстпен өзара байланысын ашуға бағытталды.

Нәтижелері

Зерттеу нәтижесінде ең алдымен ұғымдық-терминологиялық талдау жүргізіліп, күнделікті өмірді сипаттайтын негізгі категориялардың ғылыми қолданыстағы мазмұны мен мағыналық шекаралары нақтыланды. Атап айтқанда, қазіргі кезеңде «күнделікті өмір» ұғымы адамдардың тұрмыстық әрекеттерінің жиынтығы ретінде ғана емес, әлеуметтік қатынастардың ең орнықты деңгейін құрайтын әрі қоғамдық тәртіп күнделікті әрекеттер арқылы үздіксіз қайта өндірілуі жүзеге асатын әлеуметтік кеңістік ретінде қарастырылады [1; 18]. Бұл ұғым әлеуметтік уақыттың ұйымдасуын, әрекеттердің қалыпты ырғағын және әлеуметтік өзара әрекеттесудің орныққан формаларын қамтиды. Осы тұрғыда күнделікті өмір жеке адамның субъективті қабылдауымен шектелмей, көпшілік

әрекеттердің өзара байланысы нәтижесінде қалыптасатын әлеуметтік кеңістік пен тәртіп жүйесін білдіреді [2; 7].

Ал «күнделікті тәжірибе» ұғымы күнделікті өмір кеңістігінде жүзеге асатын әрекеттердің адамдар тарапынан қалай қабылданып, қалай түсіндірілетінін сипаттайды. Қазіргі зерттеулерде бұл категория әлеуметтік шектеулер мен мүмкіндіктердің нақты тарихи жағдайда қалай іске асатынын анықтауға мүмкіндік беретін аналитикалық деңгей ретінде қолданылады [3; 394]. Күнделікті тәжірибе адамдардың бейімделу, келісу немесе жасырын қарсылық сияқты мінез-құлық үлгілері арқылы әлеуметтік және саяси тәртіппен өзара қатынасын айқындауға мүмкіндік береді. Осылайша, бұл ұғым жеке деңгейден бастау алғанымен, әлеуметтік құрылымдардан тыс қарастырылмайды.

Келесі кезекте «қалыпты түрде қайталанып отыратын әлеуметтік іс-әрекеттер» ұғымы күнделікті өмірдің ең орнықты деңгейін құрайтын, арнайы рефлексияны талап етпейтін және дағдыға айналған әрекеттер жүйесі ретінде түсіндіріледі. Қазіргі ғылыми еңбектерде мұндай әрекеттер әлеуметтік нормалардың орнығуын, қоғамдық тәртіптің тұрақты сақталуын және ресурстардың күнделікті бөліну тетіктерін қамтамасыз ететін негізгі механизмдер ретінде қарастырылады. Бұл категория «күнделікті тәжірибе» ұғымына қарағанда тар мағынада қолданылады, өйткені ол әрекеттердің мағыналық түсіндірмесінен гөрі олардың тұрақты түрде қайталанатын үлгілеріне басымдық береді. Ал «күнделікті өмір» ұғымымен салыстырғанда нақтырақ сипатқа ие, себебі ол кең әлеуметтік кеңістікті емес, сол кеңістіктің тұрақтылығын қамтамасыз ететін үйреншікті әрекеттерді сипаттайды [4].

Аталған ұғымдар өзара тығыз байланысты болғанымен, ғылыми талдауда әртүрлі аналитикалық деңгейлерді білдіреді: күнделікті өмір — әлеуметтік кеңістік пен тәртіпті, күнделікті тәжірибе — сол кеңістіктегі әрекеттерді қабылдау мен түсіндіру үдерістерін, ал қалыпты түрде қайталанып отыратын әлеуметтік іс-әрекеттер — әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ететін дағдыға айналған әрекеттер жүйесін сипаттайды. Мұндай ұғымдық жіктеу күнделікті өмірді зерттеу барысында деректерді талдаудың әртүрлі деңгейлерін айқындауға және эмпирикалық материалды жүйелі түрде құрылымдауға мүмкіндік береді.

Жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижелері күнделікті өмірді зерттеудің батысеуропалық және қазақстандық дәстүрлері арасында мазмұндық әрі әдіснамалық тұрғыдан елеулі айырмашылықтардың бар екенін көрсетті. Батысеуропалық тарихнамада, соның ішінде француз ғылыми дәстүрінде, күнделікті өмір әлеуметтік шындықты талдаудың дербес теориялық деңгейі ретінде орныққаны анықталды. Қазіргі батысеуропалық зерттеулерде күнделікті өмір әлеуметтік уақыттың ұйымдасуымен, тәжірибелердің қалыпты ырғағымен және әлеуметтік тәртіптің күнделікті қайта өндірілуімен тығыз байланыста қарастырылады [1; 18], [2; 12]. Бұл еңбектерде «күнделікті өмір», «күнделікті тәжірибе» және «қалыпты түрде қайталанып отыратын әлеуметтік іс-әрекеттер» ұғымдары мағыналық тұрғыдан нақты ажыратылып, олардың әрқайсысы әлеуметтік шындықты талдаудың белгілі бір аналитикалық деңгейін білдіреді [3; 389].

Ал қазақстандық зерттеу дәстүрінде аталған ұғымдардың қолданылуы көбіне эмпирикалық сипатта қалып, олардың мағыналық және теориялық шекаралары толық жүйеленбегені байқалады. Күнделікті өмір көбінесе әлеуметтік бейімделу, тұрмыстық өзгерістер және дағдарысты кезеңдердегі өмір сүру тәжірибелері арқылы сипатталып, теориялық жалпылау деңгейі шектеулі болып отыр [5–12]. Бұл жағдай қазақстандық тарихнамада күнделікті өмірді зерттеудің ұғымдық аппаратын ғылыми тұрғыдан нақтылау қажеттігін айқын көрсетеді.

Әдіснамалық тұрғыдан салыстыру нәтижелері батысеуропалық, әсіресе француз зерттеулерінде микроанализ, пәнаралық тәсілдер және тарихи антропология элементтерінің кеңінен қолданылатынын көрсетті. Атап айтқанда, күнделікті тәжірибе жеке деңгейдегі әрекеттер арқылы әлеуметтік құрылымдардың қалай іске асатынын түсіндіретін маңызды аналитикалық құрал ретінде пайдаланылады [7; 119], [8; 64]. Қазақстандық зерттеулерде, керісінше, дәстүрлі тарихи-сипаттамалық және деректік талдау әдістері басым болып, жеке тәжірибені реконструкциялау мүмкіндіктері шектеулі екені анықталды.

Батысеуропалық күнделікті өмірді зерттеу дәстүрінің әдіснамалық өзегі күнделікті тәжірибені әлеуметтік құрылымдардың әрекет ету тетігі ретінде түсіндіруге негізделеді. Бұл бағытта зерттеу логикасы «құрылым — тәжірибе — мағына» тізбегімен құрылады: күнделікті әрекеттер әлеуметтік тәртіптің қалай қалыптасатынын және қалай сақталатынын түсіндіретін аналитикалық құрал ретінде қолданылады. Сондықтан әдіснама алдын ала айқындалған теориялық модельдерге сүйеніп, дерек

сол модельдерді тексеру және нақтылау қызметін атқарады. Күнделікті өмір мұнда дерек жинау нысаны емес, әлеуметтік шындықты түсіндірудің концептуалдық деңгейі ретінде қарастырылады.

Қазақстандық зерттеу дәстүрінде әдіснамалық логика өзгеше қалыптасқан. Мұнда күнделікті өмір алдымен эмпирикалық шындық ретінде қабылданып, зерттеу дерекке негізделіп құрылады. Әдіснама көбіне нақты тарихи материалды сипаттауға, әлеуметтік өзгерістерді тіркеуге және дәстүрлі құрылымдарды реконструкциялауға бағытталған. Теориялық модель деректен кейін қалыптасып, түсіндіруші құрал ретінде қосымша рөл атқарады. Осы себепті күнделікті өмір әлеуметтік құрылымдардың көрінісі ретінде сипатталғанымен, оның мағыналық және символдық деңгейі әдіснамалық тұрғыдан әрдайым толық ашыла бермейді.

Зерттеу нәтижелері микротарихи тәсілдің батысеуропалық және қазақстандық дәстүрлерде әртүрлі әдіснамалық мазмұнға ие екенін көрсетті. Батысеуропалық тарихнамада микротарих күнделікті өмірді зерттеудің дербес әрі теориялық тұрғыдан орныққан бағыты ретінде қалыптасқан. Бұл дәстүрде жеке адамдар мен шағын әлеуметтік топтардың тәжірибесін талдау арқылы әлеуметтік құрылымдар мен тәртіптің қалыптасу және қайта өндірілу тетіктері түсіндіріледі. Ал қазақстандық зерттеу тәжірибесінде микротарих көбіне қосалқы тәсіл ретінде қолданылып, жеке тәжірибе әлеуметтік құрылымдарды түсіндіретін аналитикалық деңгейге сирек көтеріледі.

Осылайша, зерттеу батысеуропалық дәстүрде микротарихтың күнделікті өмірді зерттеудің тұтас әдіснамалық негізіне айналғанын, ал қазақстандық зерттеу тәжірибесінде бұл бағыттың әлі де қалыптасу сатысында тұрғанын көрсетті.

Талқылау

Күнделікті өмірді тарихи талдаудың теориялық алғышарттары батысеуропалық тарихи ойда ХХ ғ. алғашқы жартысында қалыптасты және бұл үдерісте Марк Блок, Люсьен Февр және Фернан Бродель ұсынған әдіснамалық ұстанымдар шешуші рөл атқарды. Бұл авторлардың ортақ көзқарасы тарихты саяси оқиғалар жиынтығы ретінде емес, әлеуметтік тәжірибелер мен құрылымдардың ұзақ мерзімді дамуы ретінде түсіндіруімен сипатталады. Атап айтқанда, Марк Блоктың көзқарасында тарих, ең алдымен, адамдардың өмір сүру тәсілдерін, мінез-құлқын және әлеуметтік қатынастарын зерттейтін ғылым ретінде пайымдалады. Ол күнделікті өмірді тарихи танымның шеткері саласы емес, қоғамның ішкі логикасын ашатын негізгі деңгейлердің бірі деп қарастырды. Блок үшін адамдардың күнделікті тәжірибесі әлеуметтік құрылымдардың әрекет ету формасы болып табылады: сенімдер, әдеттер және қалыпты түрде қайталанып отыратын іс-әрекеттер қоғамның тарихи тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Осы тұрғыдан М. Блоктың еңбектері күнделікті өмірді әлеуметтік тәртіптің қайта өндірілу тетігі ретінде түсіндірудің теориялық негізін қалады [13]. Ал Люсьен Феврдің әдіснамалық ұстанымы күнделікті өмірді менталитеттер тарихы арқылы талдаумен ерекшеленеді. Ол адамдардың күнделікті әрекеттерін олардың ойлау жүйесімен, эмоциялық күйімен және дүниені қабылдау тәсілдерімен тығыз байланыста қарастырды. Февр үшін күнделікті тәжірибе материалдық тұрмыс шеңберінен шығып, мәдени және психологиялық кеңістікті қамтиды. Оның көзқарасында тарихи үдерістерді түсіндіру үшін «адам нені істеді?» деген сұрақпен қатар «адам неліктен солай ойлады?» деген мәселе шешуші мәнге ие. Бұл тәсіл күнделікті өмірді мағыналық және символдық деңгейде зерттеудің теориялық алғышарттарын қалыптастырды [14]. Фернан Бродельдің тұжырымдамасында күнделікті өмір ұзақ мерзімді тарихи құрылымдар жүйесіне енгізіледі. Ол әлеуметтік уақытты бірнеше деңгейге бөліп, күнделікті практикаларды тарихи өзгерістердің ең баяу қозғалатын қабаты ретінде сипаттады. Бродель үшін күнделікті өмір индивид еркіндігімен емес, экономикалық, географиялық және әлеуметтік шектеулермен айқындалады. Осы себептен Ф. Бродельдің зерттеуінде күнделікті тәжірибе кездейсоқ әрекеттер жиынтығы емес, қоғамның терең құрылымдарының көрінісі ретінде талданады. Бұл ұстаным күнделікті өмірді макроқұрылымдармен байланыстыра зерттеудің теориялық моделін қалыптастырды [15].

Демек Блок күнделікті өмірді әлеуметтік тәжірибе мен тәртіптің негізі ретінде, Л. Февр оны менталдық және мәдени кеңістік ретінде, ал оның ұзақ мерзімді құрылымдардың тұрақты қабаты ретінде қарастырды. Олардың көзқарастары бір-бірін толықтыра отырып, күнделікті өмірді зерттеудің теориялық моделін қалыптастырды және кейінгі әлеуметтік тарих, тарихи антропология мен микротарих бағыттарының әдіснамалық негізін қалады.

XXI ғ. алғашқы онжылдықтарында батысеуропалық тарихнамада күнделікті өмір тарихын зерттеу бағыты жаңа сапалық деңгейге көшті. Қазіргі кезеңде бұл бағыт классикалық әлеуметтік тарих пен мәдени тарихтың теориялық мұрасын сақтай отырып, микроанализ, агенттік және

элеуметтік тәжірибелердің мағыналық қырларын талдауға бет бұрды. Күнделікті өмір енді элеуметтік құрылымдардың пассивті көрінісі емес, тарихи субъектілердің әрекеті арқылы үнемі қайта қалыптасатын динамикалық кеңістік ретінде қарастырылады.

Қазіргі батысеуропалық тарихнамада күнделікті өмір мәселелері кең ауқымды теориялық жинақтар мен анықтамалық еңбектерде жүйелі түрде талданады. Мәселен, С. Бергердің жетекшілігімен шыққан «Routledge Handbook of Cultural History» аталатын зерттеу жұмысында мәдени тәжірибелерді, күнделікті тәжірибені және элеуметтік әрекеттерді мәдени тарихтың негізгі нысандары ретінде қарастырып, күнделікті өмір тарихын пәнаралық зерттеу кеңістігінде орнықтырады. Бұл еңбекте күнделікті тәжірибелер элеуметтік коммуникация, символдық құрылымдар және мәдени репрезентациялармен байланыста талданады [16]. Күнделікті өмір тарихының қазіргі дамуында микротарих бағыты ерекше орын алады. Мысалы, «Routledge Handbook of Microhistory» жинағында күнделікті тәжірибелер жекелеген индивидтердің немесе шағын қауымдардың өмірі арқылы талданып, элеуметтік нормалар мен билік қатынастарының нақты іске асу тетіктері көрсетіледі. Бұл тәсіл күнделікті өмірді тарихи талдаудың дербес және өнімді аналитикалық деңгейі ретінде бекітеді [17]. Атап өту қажет, микротарих тәсілінің күнделікті өмірді талдаудағы мүмкіндіктерін XVI ғ. Италиядағы Меноккио ісі айқын көрсетеді. Диірменші Меноккионың инквизиция сотындағы жауаптары арқылы оның діни түсініктері, күнделікті оқу тәжірибесі және жергілікті қауыммен қарым-қатынасы реконструкцияланады. Бұл жеке адамның көзқарасы ресми шіркеулік доктринамен салыстырылып, діни биліктің ауылдық қоғамда қалай қабылданғаны, қалай түсіндірілгені және қай деңгейде шектелгені көрсетіледі. Осы мысал арқылы микротарих жекелеген индивидтің күнделікті тәжірибесін талдау негізінде элеуметтік нормалар мен билік қатынастарының нақты іске асу тетіктерін ашуға мүмкіндік береді. Микротарихтық тәсілді Оңтүстік Қазақстандағы кеңестік кезеңнің екінші жартысындағы (1960–1980 жж.) ауылдық қауымдардың күнделікті өмірін талдау арқылы көрсетуге болады. Бұл өңірде колхоз-совхоз жүйесі ресми түрде еңбек тәртібін, жоспарлы өндірісті және элеуметтік тәртіп нормаларын қатаң регламенттегенімен, күнделікті тәжірибеде бұл талаптар жергілікті жағдайларға бейімделіп отырды. Мәселен, мақта немесе мал шаруашылығымен айналысқан ауылдарда еңбек нормалары формальды түрде орындалғанымен, күнделікті жұмыс ырғағы туыстық байланыстар, жергілікті бедел иелері және бейресми келісімдер арқылы реттелді. Суару уақыты, жұмысқа шығу кезегі немесе өнімді тапсыру тәртібі көбіне ресми нұсқауларға емес, ауыл ішіндегі келісілген дағдыларға сүйенді. Бұл тәжірибелер кеңестік биліктің талаптарын ашық түрде жоққа шығармағанымен, оларды күнделікті деңгейде қайта бейімдеу тетігі қызметін атқарды. Осылайша, жекелеген ауылдың немесе шағын еңбек ұжымының күнделікті тәжірибесін микротарихи тұрғыдан талдау арқылы кеңестік элеуметтік тәртіптің Оңтүстік Қазақстан жағдайында қалай іске асқаны, қандай жолмен тұрақтанғаны және қандай шектеулерге ұшырағаны айқын көрінеді. Бұл мысал күнделікті өмірді элеуметтік нормалар мен билік қатынастарының абстрактілі көрінісі емес, олардың нақты тарихи жағдайда жүзеге асатын деңгейі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезеңде мәдени тарих пен күнделікті өмір тарихының өзара ықпалы күшейе түсті. Атап айтқанда А. Вилсон күнделікті әрекеттерді, тұрмыстық тәжірибелер және элеуметтік дағдыларды мәдени процестердің ажырамас бөлігі ретінде қарастырады [18]. Ол мәдени тарихты идеялар мен дискурстарды сипаттаумен шектелетін бағыт ретінде емес, мәдени мағыналар адамдардың күнделікті өмірінде нақты іске асатын тәжірибелер жүйесі ретінде түсіндіреді. Оның көзқарасында мәдениет абстрактілі символдар жиынтығы емес, күнделікті әрекеттер, элеуметтік дағдылар мен тұрмыстық тәжірибелер арқылы қалыптасып, қайта өндіріледі.

Күнделікті өмір тарихының қазіргі тарихнамасындағы ең ауқымды синтездік жобалардың бірі «A Cultural History of Everyday Life» көптомдық сериясы. Бұл еңбекте антикалық дәуірден қазіргі заманға дейінгі күнделікті өмірдің негізгі салалары — еңбек, тамақтану, тұрмыс, бос уақыт және элеуметтік өзара әрекет формалары тарихи салыстырмалы тұрғыдан талданады. Серия күнделікті өмір тарихын дербес әрі тұрақты зерттеу бағыты ретінде қазіргі тарихнамада толық орнықтырды [19].

Осылайша, қазіргі батысеуропалық тарихнамада күнделікті өмір тарихы теориялық тұрғыдан жетілдірілген, пәнаралық және көпдеңгейлі зерттеу саласына айналды. Құрылымдық талдау, микроэлеуметтік тәсіл және мәдени интерпретация өзара үйлесіп, күнделікті өмірді тарихи шындықты кешенді түсіндірудің маңызды аналитикалық категориясы ретінде бекітуде.

Француз тарихшысы Н. Оффенштадт күнделікті өмір тарихын тек элеуметтік немесе мәдени тәжірибелердің жиынтығы ретінде емес, элеуметтік-саяси қатынастардың нақты іске асу деңгейі

ретінде қарастыру керек екенін көрсетеді [20]. Ал Н. Андриос пен С. Кот өздерінің «Writing Histories of Everyday Life in Authoritarian Regimes» аталатын мақаласында күнделікті өмір тарихын авторитарлық режимдер контекстінде зерттеудің жаңа теориялық-әдіснамалық бағдарын ұсынады. Олар күнделікті өмірді билік құрылымдарының жай ғана салдары немесе репрессивті механизмдердің қосалқы көрінісі ретінде қарастырудан бас тартып, оны әлеуметтік тәртіптің қалыптасуы мен тұрақтануын қамтамасыз ететін белсенді тарихи кеңістік ретінде түсіндіреді. Авторлар әдіснамалық тұрғыдан күнделікті өмір тарихын әлеуметтік тарих, микротарих және тарихи антропология тәсілдерін ұштастыра отырып зерттеуді ұсынады [21]. Мысал ретінде 1960–1980 жылдардағы ГДР жағдайын келтіруге болады. Бұл кезеңде авторитарлық социалистік режим репрессияны күнделікті бақылау мен қалыпты әлеуметтік тәжірибелер арқылы іске асырып, еңбек, тұрмыс және әлеуметтік мінез-құлық деңгейінде тәртіптің тұрақтануын қамтамасыз етті. Бұл жағдайда жұмысшылардың көпшілігі режимді ашық қолдамағанымен, күнделікті тәртіпке бейімделу, формалды нормаларды орындау және бейресми келісімдер арқылы әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға үлес қосты. Осылайша, күнделікті тәжірибе авторитарлық биліктің жай салдары емес, әлеуметтік тәртіптің қалыптасуын және оның тұрақтануын қамтамасыз ететін белсенді тарихи кеңістік ретінде көрінді.

Батысеуропалық зерттеуші Кори Росс өз еңбегінде күнделікті өмірді тарихи талдаудың дербес әрі маңызды деңгейі ретінде қарастырады. Оның пайымдауынша, қоғамдағы ірі әлеуметтік, экономикалық және мәдени өзгерістерді тек мемлекеттік саясат, идеология немесе элиталық шешімдер арқылы түсіндіру жеткіліксіз, өйткені тарихи үдерістердің нақты мазмұны мен салдары адамдардың күнделікті тәжірибесінде көрініс табады. Күнделікті өмір Росс үшін тұрмыстық әдеттер, еңбек пен тұтыну формалары, әлеуметтік өзара әрекет және уақытты ұйымдастыру арқылы қалыптасатын ұзақ мерзімді әлеуметтік практика. Осы практика барысында адамдар жаңа жағдайларға бейімделіп, әлеуметтік нормаларды қайта қалыптастырады және модерн қоғамға тән мінез-құлық үлгілерін орнықтырады [22]. Ал Мэри Фулбрук экстремалды тарихи жағдайларда, атап айтқанда қудалау мен зорлық-зомбылық үстемдік еткен кезеңдерде, адамдардың күнделікті әрекеттері мен ұсақ шешімдері тарихи процестердің моральдық мазмұнын айқындайтынын көрсетеді. М. Фулбрук үшін күнделікті өмір адамдардың қалыптан тыс жағдайда қалай бейімделгенін, зорлықты қалай қабылдағанын немесе оған үнсіз түрде келіскенін ашып көрсететін орта [23].

Қазақстандық тарихнамада күнделікті өмірді зерттеу бағыты антропология аясында дамып келеді. Бұл бағыттағы зерттеулердің ортақ ерекшелігі — күнделікті тәжірибелерді қоғамның әлеуметтік құрылымы, дәстүрлі әлеуметтік ұйым және тарихи өзгерістер үдерістерімен байланыстыра талдауға ұмтылыспен белгілі. Мысалы, қазақ қоғамының дәстүрлі әлеуметтік құрылымы мен өмір сүру тәжірибелерін тарихи-антропологиялық тұрғыдан пайымдаған Н.Э. Масановтың зерттеуінде күнделікті өмір көшпелі қоғамның тұтас әлеуметтік жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Атап айтқанда, күнделікті тәжірибе шаруашылық түрімен, туыстық қатынастармен және мәдени нормалармен тығыз байланыста зерттелген. Н.Э. Масанов күнделікті өмірді жекелеген тұрмыстық әрекеттер жиынтығы ретінде емес, әлеуметтік тәртіптің дәстүрлі механизмдерін қамтамасыз ететін құрылымдық құбылыс ретінде талдайды, бұл қазақ қоғамындағы күнделікті тәжірибенің тарихи тұрақтылығын түсіндіруге мүмкіндік береді [24].

Көшпелі қоғамдағы әлеуметтік ұйым, мәртебелік иерархия және тұрмыстық тәжірибелерді жүйелі түрде зерттеген Ж.О. Артықбаевтың зерттеуінде күнделікті өмір әлеуметтік институттардың нақты іске асу кеңістігі ретінде сипатталады. Оның зерттеулерінде күнделікті тәжірибелер билік қатынастарының, дәстүрлі нормалардың және әлеуметтік реттеу механизмдерінің практикалық деңгейде көрініс табатын формасы ретінде талданады. Автордың көзқарасы бойынша күнделікті өмір әлеуметтік құрылымның «төменгі» деңгейі емес, қоғамның ішкі тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды әлеуметтік кеңістік [25].

Қалалық ортаның тарихи дамуын күнделікті өмір тұрғысынан зерттеген З.Г. Сактаганова еңбектері қазақстандық тарихнамада күнделікті өмірді эмпирикалық деректер негізінде талдаудың маңызды бағытын көрсетеді. Автордың Орталық Қазақстан қалаларының соғыстан кейінгі кезеңдегі тұрмыстық тәжірибелеріне арналған құжаттар жинақтары мен монографиялық зерттеулерінде еңбек жағдайлары, әлеуметтік бейімделу формалары және өмір сүру стратегиялары нақты тарихи материалдар арқылы зерттеледі. З.Г. Сактаганованың еңбектерінде күнделікті өмір жекелеген тұрмыстық фактілер жиынтығы ретінде емес, әлеуметтік өзгерістердің нақты іске асу кеңістігі ретінде қарастырылады [5–6].

Қазақстандық зерттеушілер Г. Абдыкулова мен З. Толенова өз еңбегінде күнделікті өмір тарихын деректанулық тұрғыдан негіздеуге басымдық береді. Авторлардың негізгі ұстанымы бойынша, күнделікті өмір тарихын зерттеу дәстүрлі нормативтік және институционалдық дереккөздермен шектелмеуі тиіс, өйткені күнделікті тәжірибенің едәуір бөлігі ресми құжаттарда тікелей көрініс таппайды. Осыған байланысты олар күнделікті өмірді реконструкциялауда көпмәнді дереккөздер жүйесін — архивтік материалдарды, мерзімді баспасөзді, ауызша тарих деректерін, жеке естеліктер мен визуалды материалдарды кешенді түрде қолдану қажеттігін дәлелдейді [26]. Ал И.Ю. Анисимова, Ф.С. Рамазанова және Т.К. Ауелгазина еңбегінде күнделікті өмір тарихы, ең алдымен, тарихи білім беру кеңістігіндегі әдіснамалық ресурс ретінде қарастырылады. Авторлар күнделікті өмір тарихын оқыту тарихи білімді абстрактілі фактілер жиынтығынан тұлғалық-мағыналық тәжірибеге айналдыратын тиімді құрал деп бағалайды. Олардың пікірінше, күнделікті өмірге негізделген тарихи материалдар білім алушылардың танымдық мотивациясын арттырып, өткенді жеке және әлеуметтік тұрғыда пайымдау қабілетін дамытады [27].

Келесі бір отандық зерттеушілер Қ.Д. Нарымбаев, С. Ыылмаз және З.Н. Исмағамбетова өз еңбегінде күнделікті өмірді мәдениеттанулық және әлеуметтік-антропологиялық категория ретінде пайымдайды. Олар күнделікті тәжірибені тек тұрмыстық әрекеттер жиынтығы ретінде емес, символдық мағынаға ие, әлеуметтік нормалар мен мәдени кодтар арқылы реттелетін күрделі жүйе ретінде қарастырады. Авторлар күнделікті өмірді зерттеу макроәлеуметтік өзгерістердің адамдар санасында қалай қабылданатынын және мәдени практика деңгейінде қалай іске асатынын түсінуге мүмкіндік беретінін көрсетеді. Бұл көзқарас қазақстандық күнделікті өмірді зерттеудің қазақстандық дәстүрінде мәдениеттанулық әдістердің маңызын арттырып, күнделікті өмірді пәнаралық талдаудың объектісіне айналдырады [28]. Ал С.А. Асанова мен А.Н. Конкабаева еңбегінде күнделікті өмір кеңестік модернизация үдерісінің әлеуметтік салдарын талдаудың негізгі эмпириялық алаңы ретінде қарастырылады. Авторлар қазақ әйелінің әлеуметтік мәртебесіндегі өзгерістерді ресми саясат немесе идеологиялық декларациялар деңгейінде ғана емес, нақты күнделікті тәжірибелер арқылы талдайды. Олардың пайымдауынша, кеңестік модернизация әйелдердің еңбекке тартылуы, білім алу мүмкіндіктері және қоғамдық белсенділігінің артуы арқылы күнделікті өмір құрылымын түбегейлі өзгертті [29].

Осылайша, қазақстандық тарихнамада күнделікті өмірді зерттеу бағыты әлеуметтік құрылымдарды, дәстүрлі тәжірибелерді және тарихи тұрақтылық пен өзгеріс арасындағы өзара байланысты түсіндіруге бағытталған. Алайда бұл зерттеулерде эмпирикалық материалдың басымдығы сақталып, күнделікті тәжірибелердің мағыналық және символдық қырларын талдауға арналған теориялық модельдерді одан әрі дамыту қажеттігі байқалады.

Жалпы алғанда, қазақстандық ғалымдардың еңбектерін талдау күнделікті өмір тарихын зерттеуде бірқатар ортақ әдіснамалық алаптардың қалыптасқанын көрсетеді: олар, біріншіден, антропоцентристік тәсілдің басымдығымен байланысты, яғни тарихи зерттеудің негізгі объектісі ретінде жеке адам мен әлеуметтік топтардың күнделікті тәжірибесі қарастырылады; екіншіден, дереккөздік базаны кеңейтумен байланысты. Атап айтқанда, ресми мұрағаттық құжаттармен қатар ауызша тарих материалдары, естеліктер, хаттар, күнделіктер және визуалды деректер ғылыми айналымға енгізілуі; үшіншіден, пәнаралық әдіснаманы қолданудың кеңейуі, өйткені, тарихи зерттеулерде әлеуметтану, антропология, этнология және мәдениеттану әдістерін пайдалану күнделікті өмір феноменін кешенді талдауға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Жүргізілген салыстырмалы талдау күнделікті өмірді зерттеудің батысеуропалық және қазақстандық дәстүрлері әдіснамалық тұрғыдан әртүрлі бағытта қалыптасқанын көрсетті. Батысеуропалық зерттеулерде күнделікті өмір әлеуметтік шындықты түсіндірудің дербес теориялық деңгейі ретінде қарастырылып, күнделікті тәжірибелер әлеуметтік құрылымдардың, нормалар мен билік қатынастарының ұзақ мерзімді қайта өндірілу тетігі ретінде талданады. Батысеуропалық дәстүрде теориялық модельдер зерттеудің бастапқы негізін құрап, деректер сол модельдерді нақтылау және тереңдету қызметін атқарады.

Қазақстандық зерттеу дәстүрінде күнделікті өмірге назар аудару қоғамның әлеуметтік құрылымын, институттарын және тарихи даму ерекшеліктерін реконструкциялау қажеттілігінен туындайды. Күнделікті тәжірибелер көбіне әлеуметтік ұйымның нақты іске асу формасы ретінде сипатталып, эмпирикалық деректерді жүйелеуге көп назар аударылған. Соның нәтижесінде

қазақстандық зерттеулерде күнделікті өмірдің нақты тарихи контексті терең ашылғанымен, оның мағыналық және символдық қырларын теориялық тұрғыдан жүйелі талдау әлі де жетілдіруді талап етеді.

Екі дәстүрдің де өзіндік ғылыми әлеуеті бар: батысеуропалық бағыт теориялық рефлексия мен пәнаралық синтезге сүйенсе, қазақстандық бағыт деректік нақтылық пен әлеуметтік-тарихи контекстке негізделеді. Сондықтан күнделікті өмір тарихын одан әрі дамыту осы екі тәсілдің өзара толықтырушы мүмкіндіктерін ұштастырумен байланысты. Мұндай синтез күнделікті тәжірибелерді әлеуметтік құрылымдар мен тарихи өзгерістерді түсіндіретін маңызды аналитикалық деңгей ретінде орнықтыруға мүмкіндік береді және қазақстандық тарихи ғылымның теориялық жаңғыруына негіз қалайды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Carter L. *Histories of Everyday Life* / L. Carter. — Oxford: Oxford University Press, 2021. — 256 p.
- 2 Smith S.A. *Everyday Life in Twentieth-Century Europe* / S.A. Smith // *Journal of Contemporary History*. — 2020. — Vol. 55, No. 1. — P. 5–24.
- 3 Andrews N. *Writing Histories of Everyday Life in Authoritarian Regimes* / N. Andrews, S. Kott, T. Lindenberger // *The Historical Journal*. — 2025. — Vol. 65, No. 2. — P. 385–404.
- 4 Kessler V. *Digitalized Everyday Past: History of Everyday Life Database* [Electronic resource] / V. Kessler // *Digital Studies of Culture in Central Europe*. — 2024. — No. 13. — Access mode: <file:///C:/Users/123/Downloads/Kessler+Bouska+publ.pdf>
- 5 Сактаганова З.Г. *Повседневность городов Центрального Казахстана в 1946–1960 гг.* / З.Г. Сактаганова. — Караганда: Изд-во Карагандинского государственного университета им.Е.А. Букетова, 2016. — 240 с.
- 6 Сактаганова З.Г. *Города Центрального Казахстана в 1950–1960-е гг.: история и повседневность* / З.Г. Сактаганова. — Караганда: Изд-во Карагандинского государственного университета им.Е.А. Букетова, 2017. — 312 с.
- 7 Corbin A. *Histoire des émotions* / A. Corbin, J. -J. Courtine, G. Vigarello. — Paris: Seuil, 2022. — Vol. 3: De la fin du XIXe siècle à nos jours. — 432 p.
- 8 Offenstadt N. *L’historiographie du quotidien au XXIe siècle* / N. Offenstadt // *Vingtième Siècle. Revue d’histoire*. — 2021. — No. 149. — P. 55–70.
- 9 Смагулов А.Ж. *Повседневная жизнь Центрального Казахстана в 1940-1950-е годы* / А.Ж. Смагулов // В сб.: *Наука и современность*. — 2016. — Выпуск 43. — С. 88–96.
- 10 Шукеева А.Т. *Повседневная жизнь сельского населения северных районов Казахстана в 50-60-х годах XX в. через призму исторической памяти* / А.Т. Шукеева, Р.Г. Буканова, М.З. Утегенов // *Asian Journal «Steppe Panorama»*. — 2025. — № 12(6). — С. 1792–1807.
- 11 Орынбаева Г.У. *Повседневная жизнь казахстанского села в период Второй мировой войны (на примере Кустанайской области)* [Электронный ресурс] / Г.У. Орынбаева. — Режим доступа: <http://89.250.84.165/index.php/history/article/view/751/390>
- 12 Абдыкулова Г.Х. *Повседневная жизнь женщин Казахстана в 1991–2021 гг.: (по материалам областей Северного Казахстана): монография* / Г.Х. Абдыкулова. — Астана: [б. и.], 2024. — 315 с.
- 13 Блок М. *Апология истории, или Ремесло историка* / М. Блок; пер. с фр. — М.: Наука, 1986. — 256 с.
- 14 Февр Л. *Бои за историю* / Л. Февр; пер. с фр. — М.: Наука, 1991. — 624 с.
- 15 Бродель Ф. *Материальная цивилизация, экономика и капитализм, XV–XVIII вв.* / Ф. Бродель; пер. с фр. — М.: Прогресс, 1986. — Т. 1: Структуры повседневности. — 592 с.
- 16 Berger S. *Routledge Handbook of Cultural History* / S. Berger, C. Lorenz. — London; New York: Routledge, 2020. — 560 p.
- 17 Peltonen M. *Routledge Handbook of Microhistory* / M. Peltonen, C. Ginzburg. — London; New York: Routledge, 2022. — 480 p.
- 18 Wilson A. *The Bloomsbury Handbook of Cultural History* / A. Wilson. — London: Bloomsbury Academic, 2020. — 456 p.
- 19 Hewitt M. *A Cultural History of Everyday Life in the Modern Age* / M. Hewitt. — London: Bloomsbury Academic, 2021. — 296 p.
- 20 Offenstadt N. *L’historiographie du quotidien au XXIe siècle* / N. Offenstadt // *Vingtième Siècle. Revue d’histoire*. — 2021. — No 149. — P. 55–70.
- 21 Andrews N. *Writing Histories of Everyday Life in Authoritarian Regimes* / N. Andrews, S. Kott, T. Lindenberger // *The Historical Journal*. — 2022. — Vol. 65, No. 2. — P. 385–404.
- 22 Ross C. *Everyday Life in Modern Europe* / C. Ross. — London: Bloomsbury Academic, 2022. — 192 p.

- 23 Fulbrook M. *Reckonings: Legacies of Nazi Persecution and the Quest for Justice* / M. Fulbrook. — Oxford: Oxford University Press, 2023. — 416 p.
- 24 Масанов Н.Э. *Кочевая цивилизация казахов* / Н.Э. Масанов. — Алматы: Дайк-Пресс, 1995. — 320 с.
- 25 Артыкбаев Ж.О. *Казахское общество: структура и традиции* / Ж.О. Артыкбаев. — Астана: Фолиант, 2013. — 448 с.
- 26 Абдыкулова Г. Многомерные источники истории повседневности: опыт казахстанских исследований / Г. Абдыкулова, З. Толенова // *Asian Journal «Steppe Panorama»*. — 2024. — Т. 11, № 1. — С. 37–51.
- 27 Anissimova Y. *The History of Everyday Life in the Practice of Learning as a Factor in the Development of Cognitive Motivation: Based on the History of Kazakhstan of the XX century* / Y. Anissimova, F.S. Ramazanova, T.K. Auyelgazina // *Bulletin of the Kazakh National Pedagogical University named after Abay. Series “Historical and socio-political sciences”*. — 2023 — No. 1(76). — P. 189–199.
- 28 Narymbayev K. *Everyday culture and cultural studies* / K. Narymbayev, S. Yilmaz, Zh. Ismagambetova // *Al-Farabi. Journal of Socio-Humanitarian Studies*. — 2024. — No. 2(86). — P. 102–114.
- 29 Асанова С.А. Советская модернизация как фактор изменения социального статуса казахской женщины / С.А. Асанова, А.Н. Конкабаева // *Отан тарихы*. — 2025. — Т. 28, № 1. — С. 41–51.

Н.А. Шынтаев, А.Т. Кашкинбаева, С.С. Таубаев

Западноевропейская и казахстанская традиции исследования истории повседневной жизни: сравнительный анализ

Статья посвящена сравнительному анализу западноевропейской и казахстанской традиции исследования повседневной жизни в контексте современной исторической науки. История повседневности рассматривается как важное направление исторического знания, ориентированное на изучение повседневного опыта человека, регулярно воспроизводящихся социальных практик, а также форм социального взаимодействия. Долгое время данные аспекты находились на периферии исторических исследований. В статье анализируются особенности формирования западноевропейской и казахстанской исследовательской традиции в контексте интеллектуальных, социально-политических и историографических условий их развития. Показано, что западноевропейская традиция исследования повседневной жизни сформировалась во второй половине XX века в рамках социальной и антропологической истории и характеризуется высоким уровнем теоретической рефлексии, междисциплинарным подходом и методологическим плюрализмом. В западноевропейских исследованиях ментальности символические структуры и устойчивые повседневные практики рассматриваются в контексте долгосрочных исторических процессов. Казахстанская традиция исследования повседневной жизни формируется преимущественно в постсоветский период и в настоящее время находится на стадии становления. Её развитие во многом обусловлено влиянием советского историографического наследия, а также процессом освоения теоретических и методологических моделей, сложившихся в западноевропейской исторической науке. В статье отмечается, что казахстанские исследования в основном ориентированы на эмпирический материал, уделяют значительное внимание социальным трансформациям и сосредоточены на изучении кризисных и переходных периодов истории. Сравнительный анализ позволил авторам выявить не только методологические различия между западноевропейской и казахстанской традициями изучения повседневной жизни, но и общие тенденции их развития в условиях интернационализации исторического знания.

Ключевые слова: история повседневной жизни, социальная история, антропологический подход, междисциплинарный подход, повседневные практики, микроистория, Казахстан, Западная Европа.

N.A. Shyntaev, A.T. Kashkinbayeva, S.S. Taubaev

Western European and Kazakhstani Traditions of Studying the History of Everyday Life: A Comparative Analysis

The article is devoted to a comparative analysis of Western European and Kazakhstani traditions of studying the history of everyday life in the context of contemporary historical scholarship. The history of everyday life is considered an important field of historical knowledge focused on the study of human everyday experience, regularly repeated social practices, and forms of social interaction. For a long time, these aspects remained on the periphery of historical research. The article examines the specific features of the formation of Western European and Kazakhstani research traditions within the intellectual, socio-political, and historiographical

contexts of their development. It is shown that the Western European tradition of studying everyday life emerged in the second half of the twentieth century within the framework of social and anthropological history and is characterized by a high level of theoretical reflection, an interdisciplinary approach, and methodological pluralism. In Western European studies, mentalities, symbolic structures, and stable everyday practices are analyzed in the context of long-term historical processes. The Kazakhstani tradition of researching everyday life has been developing mainly in the post-Soviet period and is currently at a formative stage. Its development has been largely shaped by the legacy of Soviet historiography, as well as by the process of adopting theoretical and methodological models developed in Western European historical science. The article notes that Kazakhstani studies are primarily oriented toward empirical material, pay significant attention to social transformations, and focus on the study of crisis and transitional periods in history. The comparative analysis allows the authors to identify not only methodological differences between the Western European and Kazakhstani traditions of studying everyday life, but also common trends in their development under conditions of the internationalization of historical knowledge.

Keywords: history of everyday life, social history, anthropological approach, interdisciplinary approach, everyday practices, microhistory, Kazakhstan, Western Europe.

References

- 1 Carter, L. (2021). *Histories of Everyday Life*. Oxford: Oxford University Press.
- 2 Smith, S. A. (2020). Everyday Life in Twentieth-Century Europe. *Journal of Contemporary History*, 55, 1, 5–24.
- 3 Andrews, N., Kott, S., & Lindenberger, T. (2025). Writing Histories of Everyday Life in Authoritarian Regimes. *The Historical Journal*, 65, 2, 385–404.
- 4 Kessler, V. (2024). Digitalized Everyday Past: History of Everyday Life Database. *Digital Studies of Culture in Central Europe*, 13. Retrieved from <file:///C:/Users/123/Downloads/Kessler+Bouska+publ.pdf>
- 5 Saktaganova, Z.G. (2016). *Povsednevnost gorodov Tsentralnogo Kazakhstana v 1946–1960 gg.* [Everyday life of the cities of Central Kazakhstan in 1946–1960]. Karaganda: Izdatelstvo Karagandinskogo gosudarstvennogo universiteta imeni Ye.A. Buketova [in Russian].
- 6 Saktaganova, Z.G. (2017). *Goroda Tsentralnogo Kazakhstana v 1950–1960-e gg.: istoriia i povsednevnost* [Cities of Central Kazakhstan in the 1950–1960s: History and Everyday Life]. Karaganda, Karaganda: Izdatelstvo Karagandinskogo gosudarstvennogo universiteta imeni Ye.A. Buketova [in Russian].
- 7 Corbin, A., Courtine, J.-J., & Vigarello, G. (2022). *Histoire des émotions* [History of emotions]. *De la fin du XIXe siècle à nos jours* [From the end of the 19th century to our days]. Vol. 3. Paris: Seuil [in French].
- 8 Offenstadt, N. (2021). L’historiographie du quotidien au XXIe siècle [The historiography of the everyday in the 21st century]. *Vingtième Siècle. Revue d’histoire — Twentieth Century. History Review*, 149, 55–70 [in French].
- 9 Smagulov, A.Zh. (2016). Povsednevnaia zhizn Tsentralnogo Kazakhstana v 1940-1950-e gody [Everyday Life in Central Kazakhstan in the 1940s-1950s]. *V sbornike: Nauka i sovremennost — In collection: Science and Modernity*, Issue 43, 88–96 [in Russian].
- 10 Shukeeva, A.T., Bukanova, R.G., & Utegenov, M.Z. (2025). Povsednevnaia zhizn selskogo naseleniia severnykh raionov Kazakhstana v 50-60-kh godakh XX v. cherez prizmu istoricheskoi pamiati [Everyday Life of the Rural Population of the Northern Regions of Kazakhstan in the 1950s-60s through the Prism of Historical Memory]. *Asian Journal «Steppe Panorama»*, 12(6), 1792–1807 [in Russian].
- 11 Orynbaeva, G.U. Povsednevnaia zhizn kazakhstanskogo sela v period Vtoroi mirovoi voiny (na primere Kustanaiskoi oblasti) [Everyday Life of a Kazakh Village During World War II (Based on the Example of the Kostanay Region)]. *index.php*. Retrieved from <http://89.250.84.165/index.php/history/article/view/751/390> [in Russian].
- 12 Abdykulova, G. Kh. (2024). *Povsednevnaia zhizn zhenshchin Kazakhstana v 1991–2021 gg.: (po materialam oblastei Severnogo Kazakhstana): monografiia* [Everyday Life of Women in Kazakhstan in 1991–2021: (Based on Materials from the Regions of Northern Kazakhstan): Monograph]. Astana [in Russian].
- 13 Blok, M. (1986). *Apologiia istorii, ili Remeslo istorika* [Apology of History, or the Historian’s Craft]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 14 Fevr, L. (1991). *Boi za istoriiu* [Battles for History]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 15 Brodel, F. (1986). *Materialnaia tsivilizatsiia, ekonomika i kapitalizm, XV–XVIII vv. Tom 1: Struktury povsednevnosti* [Material civilization, economy and capitalism, 15th–18th centuries. Vol. 1: Structures of everyday life]. (Trans). Moscow: Progress [in Russian].
- 16 Berger, S. & Lorenz, C. (2020). *Routledge Handbook of Cultural History*. London; New York: Routledge.
- 17 Peltonen, M., & Ginzburg, C. (2022). *Routledge Handbook of Microhistory*. London; New York: Routledge.
- 18 Wilson, A. (2020). *The Bloomsbury Handbook of Cultural History*. London: Bloomsbury Academic.
- 19 Hewitt, M. (2021). *A Cultural History of Everyday Life in the Modern Age*. London: Bloomsbury Academic.
- 20 Offenstadt, N. (2021). L’historiographie du quotidien au XXIe siècle. *Vingtième Siècle. Revue d’histoire*, 149, 55–70.

- 21 Andrews, N., Kott, S., & Lindenberger, T. (2022). Writing Histories of Everyday Life in Authoritarian Regimes. *The Historical Journal*, 65, 2, 385–404.
- 22 Ross, C. (2022). *Everyday Life in Modern Europe*. London: Bloomsbury Academic.
- 23 Fulbrook, M. (2023). *Reckonings: Legacies of Nazi Persecution and the Quest for Justice*. Oxford: Oxford University Press.
- 24 Masanov, N. E. (1995). *Kochevaia tsivilizatsiia kazakhov* [Nomadic civilization of the Kazakhs]. Almaty: Daik-Press [in Russian].
- 25 Artykbaev, Zh. O. (2013). *Kazakhskoe obshchestvo: struktura i traditsii* [Kazakh society: structure and traditions]. Astana: Foliant [in Russian].
- 26 Abdykulova, G. & Tolenova, Z. (2024). Mnogomernye istochniki istorii povsednevnosti: opyt kazakhstanskikh issledovaniy [Multidimensional sources of the history of everyday life: the experience of Kazakhstani research]. *Asian Journal "Steppe Panorama"*, 11, 1, 37–51 [in Russian].
- 27 Anisimova, I. Yu., Ramazanova, F.S., & Auelgazina, T. K. (2023). The History of Everyday Life in the Practice of Learning as a Factor in the Development of Cognitive Motivation: Based on the History of Kazakhstan of the XX century. *Bulletin of the Kazakh National Pedagogical University named after Abay. Series "Historical and socio-political sciences"*, 1(76), 189–199 [in Russian].
- 28 Narymbaev, K., Yilmaz, S., & Ismagambetova Z. Everyday culture and cultural studies. *Al-Farabi, Journal of Socio-Humanitarian Studies*, 2(86), 102–114 [in Russian].
- 29 Asanova, S.A., & Konkabaeva, A.N. (2025). Sovetskaia modernizatsiia kak faktor izmeneniia sotsialnogo statusa kazakhskoi zhenshchiny [Soviet modernization as a factor in changing the social status of Kazakh women]. *Otan tarikhy — History of the homeland*, 28, 1, 41–51 [in Russian].

Авторлар туралы мәліметтер

Шынтаев Нұрмахан — PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0001-2700-4445>

Кашкинбаева Асем — PhD, тарих және география кафедрасы, Ж.А. Ташенев атындағы университет, Шымкент, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-6387-6670>

Таубаев Сейтхан — тарих және география кафедрасының аға оқытушысы, Ж.А. Ташенев атындағы университет, Шымкент, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0006-5213-6147>

Information about the authors

Shyntaev Nurmakhan — PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0001-2700-4445>

Kashkinbayeva Asem — PhD, Department of History and Geography, Zh.A. Tashenov University, Shymkent, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0001-7971-0096>

Taubaev Seithan — Senior Lecturer, Department of History and Geography, Zh.A.Tashenov University, Shymkent, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0006-5213-6147>